

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 399 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағының 10 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 02-16/747 "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекеме басшысының ұсынысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қ. Аманжолов ауылдық округінің Талды, Ақбай-Қызылбай, Сарыобалы елді мекендеріне, "Үштөбе", "Өзен", "Қарамолла" қыстақтарына және Ынталы ауылдық округінің Ынталы елді-мекені аумағында ірі қара, ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық - санитариялық іс – шараларды жүргізуіне байланысты, Қ. Аманжолов ауылдық округінің Талды, Ақбай-Қызылбай, Сарыобалы елді мекендеріне, "Үштөбе", "Өзен", "Қарамолла" қыстақтарына және Ынталы ауылдық округінің Ынталы елді-мекені аумағында бекітілген шектеу іс-шарасын тоқтатылып және Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 03 қыркүйегіндегі № 238 "Қ. Аманжолов ауылдық округінің Талды, Ақбай-Қызылбай, Сарыобалы елді мекендеріне, "Үштөбе", "Өзен", "Қарамолла" қыстақтарына және Ынталы ауылдық округінің Ынталы елді-мекені аумағында шектеу іс шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізімінде 2014 жылғы 14 қыркүйегінде № 2753 болып тіркелген), "Қарқаралы" газетінің 2014 жылғы 27 қыркүйегінде № 77-78 (11304) санында жарияланған қаулының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасарының міндетін атқарушысы А.Ж.Қасымовқа жүктелсін.

Қарқаралы ауданының әкімі

К.М. Максұтов